

«КЕЛІСІЛДІ»

«Халық әртістері ағайынды
Абдуллиндер атындағы Шығыс
Қазақстан өнер училищесі» КМҚК
директоры

 А.О. Дюсупова
« 24 » 02 2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»

«Шығыс Қазақстан облысының
кәсіптік білім беру орталығы» КММ
директоры

 Г.А. Елемесова
« 24 » 02 2026 ж.

«Алтай жұлдыздары» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2026 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже ШҚО өткізілетін «Алтай жұлдыздары» облыстық байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, міндеттерін, бағыттарын, қатысушыларға қойылатын талаптарын, өткізу тәртібін және жеңімпаздарды марапаттау шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау «Музыка және өнер» облыстық әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі – ОМО) жұмыс жоспарына сәйкес, «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ-нің (бұдан әрі – ШҚО КБО) басшылығымен өткізіледі.

1.3. Байқауға жалпы білім беретін мектептердің, балалар музыка мектептерінің, балалар өнер мектептерінің оқушылары, сондай-ақ Шығармашылық сарайы мен Орталық тәрбиеленушілері қатыса алады.

1.4. **Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылғы 26 наурыз, басталуы сағат 9.00-де. Қатысушыларды тіркеу: 2026 жылғы 26 наурыз сағат 8.00-ден 9.00-ге дейін.**

1.5. Байқау өткізілетін орын: «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК, Өскемен қаласы, 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 4 (№1 корпус).

1.6. Байқау келесі номинациялар мен жас ерекшелік санаттары бойынша офлайн форматта өткізіледі (қатысушылардың жасы ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін анықталады):

Номинация	Түрлері	Жас санаты
«Аспаптық орындау» (түрлері бойынша)	Фортепиано	орта топ 11-13 жас, жоғары топ 14-16 жас
	Ішекті аспаптар	
	Үрмелі аспаптар	
	Қазақ халық аспаптары	
	Орыс халық аспаптары	
«Музыкалық-теориялық цикл»	Музыкалық әдебиет	БММ 5-7 сынып оқушылары (жас шектеулерінсіз)
	Сольфеджио	БММ және БӨМ бітіруші сыныптарының оқушылары (жас шектеулерінсіз)
«Вокалдық өнер» (түрлері бойынша)	Соло	14 жастан 16 жасқа дейін
	Ансамбль	
	Хормен ән айту	
	Халықтық ән айту	
«Ансамбль және хормен ән айту»	Ансамбль	13 жастан 16 жасқа дейін
	Хормен ән айту	
«Хореография» (түрлері бойынша)	Қазақ биі	13 жастан 15 жасқа дейін
	Халықтық, халықтық-стильденген би	
	Эстрадалық-заманауи би	
«Көркем сөз»		14-16 жас аралығында

1.7. Байқауға қатысу үшін **2026 жылғы 20 наурызға дейін** (қоса алғанда) ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына келесі құжаттар топтамасын жолдау қажет:

1. өтінім (3-қосымша) электрондық нұсқасы (қатысушының, педагогтің және концертмейстердің аты-жөні құжаттардағыдай дәл көрсетілуі тиіс);

2. қатысушының туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің көшірмесі.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Байқаудың мақсаты** – білім алушылардың кәсіби және шығармашылық дамуына жағдай жасау, дарынды жастарды анықтау және қолдау, Қазақстанның музыкалық өнерін насихаттау.

2.2. **Міндеттері:**

- мектеп оқушылары арасынан дарынды орындаушыларды анықтау;
- олардың орындаушылық шеберлігінің деңгейін арттыру;
- өзін-өзі дамыту және өзін-өзі көрсету үшін жағдай жасау;
- сахна мәдениетін қалыптастыру;
- музыкалық өнердің үздік үлгілері мысалында байқауға қатысушылардың музыкалық талғамы мен стилін тәрбиелеу және дамыту.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды дайындау және өткізу жұмыстарына тікелей басшылық жасайды;
- байқауды өткізу жоспары мен бағдарламасын әзірлейді;
- байқау қатысушыларының өнерін бағалау критерийлері мен шарттарын айқындайды;
- қазылар алқасының құрамын бекітеді және оның жұмысын ұйымдастырады;
- аудиторияларды дайындауды қамтамасыз етеді;
- байқау нәтижелері туралы ақпаратты дайындайды және рәсімдейді.

4. БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ, БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. «Аспаптық орындау (түрлері бойынша)» номинациясы «Фортениано», «Ішекті аспаптар», «Үрмелі аспаптар»

Бағдарламалық талаптар балалар музыка мектептерінің (БММ) үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес болуы тиіс.

- Орта топ - БММ-нің 5-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; екі түрлі сипаттағы шығарманы орындау.

- Жоғары топ - БММ-нің 6-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; үш түрлі сипаттағы шығарманы орындау, оның біреуі – Қазақстан композиторының шығармасы.

«Қазақ халық аспаптары».

- Орта топ – БММ-нің 3-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; екі түрлі сипаттағы шығарманы орындау.

- Жоғары топ – БММ-нің 5-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; үш түрлі сипаттағы шығарманы орындау, оның біреуі – Қазақстан композиторының туындысы.

«Орыс халық аспаптары»

- Орта топ – 3-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; екі түрлі сипаттағы шығарманы орындау.

- Жоғары топ – БММ-нің 4-сыныбынан төмен емес деңгейдегі бағдарлама; үш түрлі сипаттағы шығарманы орындау, оның біреуі – Қазақстан композиторының шығармасы.

4.2. «Музыкалық-теориялық цикл» номинациясы

«Музыкалық әдебиет»

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

1 кезең: «Музыкалық карусель» музыкалық викторина түрінде өткізіледі және бекітілген тізім бойынша (1-қосымша) 10 нөмірден тұрады. Тапсырманы орындаудың жалпы уақыты – 30–35 минут. Әр нөмір 1 минут көлемінде тыңдатылады, одан кейін қатысушыларға жауапты жазу үшін 1 минут уақыт беріледі.

Қатысушылар композиторды, шығарманың атауын, бөлімін немесе тақырыбын (қажет болған жағдайда) анықтауы тиіс. Бағалау жауаптың дәлдігі, толықтығы, дұрыстығы және ұсынылған ақпараттың тереңдігі бойынша жүзеге асырылады.

2 кезең: «Қиял калейдоскопы». Байқауға қатысушыларға тыңдалған музыкалық үзіндінің бейнесін елестетіп, алған әсерлерлерін жазбаша білдіру және ассоциацияны ауызша айтып қорғауға ұсынылады (өз мәтінін пайдалануға рұқсат етіледі).

Жұмыс келесі параметрлерді ашып көрсету керек:

- бейненің сипаттамасы;
- әуезді сурет (өсіңкі, бәсең, толқынды, сатылы, баяу, секірмелі);
- лад (мажор, минор, ауыспалы);
- өлшемі;
- жанр (ән, би әуендері, марш);
- ырғақ (тегіс, пунктирлі, синкопиялық, триольды);
- жылдамдығы;
- фактура (аккордты, фигурационды, унисонды);
- тембрлік сипаттама (оркестр аспаптары);

Жазбаша жұмыс уақыты – 30 минут. Ауызша баяндау уақыты – 10 минут.

Жұмыстың бағалау критерийлері:

- музыкалық талдау элементтерінің дәлдігі;
- баяндау стилі;
- мазмұндау бейнелілігі мен эмоционалдығы;
- сөйлеу мәдениеті;
- ережелер мен тұжырымдарды дәлелдеу мүмкіндігі;
- кәсіби терминологияны қолдану.

2-қосымшада шығармалар мысалдары көрсетілген.

Әр тапсырма 10 балдық жүйе бойынша бағаланады. Тапсырмалардың нәтижелері жинақталады.

1-қосымша

Музыкалық викторина тізімдері:

1. 1.Бах И. «Хорошо темперированный клавир» I том, прелюдия және фуга c-moll; органды токката және фуга d-moll;

2. Моцарт В. Опера «Свадьба Фигаро», Фигаро ариясы «Мальчик резвый»; соната №11 A-dur, III бөлім «Rondoallaturca».
3. Гайдн И. Соната №50 (№7) Hob XVI:37 D-dur, I бөлім.
4. Бетховен Л. Симфония №5, I бөлім; Соната №8, I бөлім.
5. Шуберт Ф. «Маргарита за прялкой», Вокалды цикл «Зимний путь», «Шарманщик» әні.
6. Шопен Ф. Прелюдии op.28, №4 e-moll, №7 A-dur, Мазурка op.24 № 2 C-dur.
7. Вивальди А. «Времена года», «Лето», 3 бөлім
8. Глинка М. Опера «Руслан и Людмила». Увертюра; опера «Иван Сусанин», Сусаниннің ариясы, увертюра-фантазия «Камаринская».
9. Мусоргский М. «Картинки с выставки», «Баба-Яга».
10. Бородин А. опера «Князь Игорь», Игордің ариясы, Половецкие пляски.
11. Римский-Корсаков Н. опера «Снегурочка», Снегурочканың ариясы.
12. Чайковский П. Симфония №1 «Зимние грезы», I бөлім.
13. Чайковский П., опера «Евгений Онегин», 5 картина, Ленскийдің ариясы.
14. Прокофьев С. Симфония №1 D-dur op. 25 «Классическая», I бөлім; кантата «Александр Невский», хор «Вставайте люди русские».
15. Стравинский И. балет «Петрушка», «Русская».
16. Қазақтың халық әні «Назқоңыр».
17. Жаяу Мұса «Ақсиса».
18. Абай «Айттым сәлем, Қаламқас».
19. Құрманғазы «Балбырауын».
20. Дәулеткерей «Қосалқа»

2-қосымша

Музыкалық үзінділердің үлгілері:

1. Э.Григ «Утро», «В пещере горного короля»;
2. М. Мусоргский «Картинки с выставки», «Баба-Яга»;
3. П. Чайковский «Щелкунчик», Pas de deux, №7 «Сражение».

«Сольфеджио және музыкалық сауаттылық»

Байқауға БММ мен БӨМ бітіруші сынып оқушылары жас шектеусіз қатыса алады. Бір оқу орнынан қатысушылар санына шектеу қойылмайды.

Байқау бір турда өткізіледі және үш тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 10 балдық жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды нәтиже жиналған балдарды қосу арқылы анықталады.

Бірінші тапсырма – музыкалық сауаттылықтан ***жазбаша жұмыс*** – 5 тапсырма, орындау уақыты – 30 минут.

Бағалау критерийлері: дұрыс құрылым; шешімнің толықтығы.

Тапсырмаларды мерзімінен бұрын және қателіксіз орындаған жағдайда қазылар алқасының шешімімен қосымша ұпай берілуі мүмкін.

Музыкалық сауаттылықтан жазбаша жұмыс тапсырмаларының үлгісі:

1. Ладтардың дыбыстық қатарын құру, ол жерде «ре» дыбысы II басқыш болу керек, «си» - V басқыш.
2. Берілген үндестілікте шешілімдерімен интервалдар құрыңыз

3. Берілген үндестілікте аккордтарды шешілімдерімен құрыңыз (S^5_3 , D^5_3 , D_7 айналымдарымен).
4. Берілген дыбыстан интервалдар мен аккордтарды құрыңыз (қарапайым интервалдар, соның ішінде тритондар, B^5_3 , M^5_3 айналымдарымен, D_7 айналымдарымен және шешілімдерімен).
5. Берілген аралықтар мен аккордтарды үндестілікте немесе дыбыстан анықтаңыз.
6. Ұсынылған мысалдардан қателерді табыңыз
7. Ұсынылған мысалдың үндестілігін анықтаңыз, қажетті аралықтарды немесе аккордтарды жазыңыз.
8. Берілген аралықтар бойынша аккордтарды жазыңыз.
9. Өлшемге сәйкес ырғақты орналастыру және ұзақтығын жіктеу.

Екінші тапсырма – есту талдауы. Жазбаша түрде өткізіледі. Байқауға қатысушылардың міндеті-есту арқылы анықтау: тыңдалған шығарманың жанры; берілген үзіндіде қолданылатын ырғақ, ладтардың дыбыстық қатары: мажордың 2 түрі (табиғи және гармоникалық), минордың 3 түрі (табиғи, гармоникалық, әуезді); қарапайым аралықтар, тритондар шешілімдерімен; аккордтар - B^5_3 , M^5_3 айналымдарымен, D_7 айналымдарымен және шешілімдерімен.

Тыңдау тапсырмаларын фортепианода ойнауға немесе бейне не аудио файлда да тыңдауға болады.

Бағалау критерийлері: әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі

Үшінші тапсырма – берілген әуенді парақтан оқу. Қазылар алқасы әуенде жетіспейтін үзінділерді толықтыру үшін қосымша тапсырмалар ұсына алады, мысалы, кез келген аккордтың дыбыстары бойынша диатоникалық сенквенцияны немесе қозғалысты енгізу.

Бағалау критерийлері: интонацияның тазалығы, әуеннің ырғақтық үлгісін дұрыс орындау, фразировканы түсіну және әуенді орындаудың мәнерлілігі, әуенге енгізілген үзінділердің табиғилығы мен қисындылығы.

4.3. «Вокалдық өнер» номинациясы

«Вокалдық өнер» номинациясында «Жеке орындау», «Халық әні» түрлері бойынша қатысушы аспаптың немесе «минус бір» фонограмманың сүйемелдеуімен бір туындыны орындайды.

4.4. «Ансамбль және хормен ән айту» номинациясы

А cappella орындауында бір шығарма, аспаптың немесе «минус бір» фонограмманың сүйемелдеуімен бір шығарма.

«Минус бір» фонограммалары дыбыс жазу сапасының заманауи талаптарына сәйкес келуі тиіс. Фонограммада бэк-вокалды пайдалануға жол берілмейді. Фонограммалар флэш-тасымалдағыштарда (орындаушыны, ұжымды, шығарманың атауын, трек нөмірін көрсете отырып) ұсынылады.

4.5. «Хореография» номинациясы

Қатысушылар бір нөмірді кез келген бағытта ұсына алады (қазақ биі, халық биі, халықтық-стильдендірілген би, эстрадалық-заманауи би).

Қазылар алқасы көрсетілген өнерді 5 балдық жүйемен жабық дауыс беру арқылы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- нөмірдің драматургиялық құрылымы;
- атауы мен сахналық костюмі би мазмұнына сәйкестігі;
- аталған жас санатына нөмір мазмұнының сәйкестігі;
- орындау техникасы және актерлік шеберлік.

4.6. «Көркем сөз» номинациясы

Бір шығарма (өлең) – ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс. Егер уақыт тәртібі сақталмаса қазылар алқасы қатысушыны тоқтатуға құқылы.

Байқау талаптары:

- көркемдік шешімнің бірлігі және көркем образдың тұтастығы;
- жанрлық сәйкестік;
- қойылымдық мәдениет және сахналық қойылым (шығарманың идеясын безендіру құралдарымен (музыка, костюмдер) және орындаумен үйлесуі;
- әртістік және бейнесінің ашылуы;
- қойылымның қатысушылардың жасына сәйкестігі;
- композицияның тұтастығы;
- стильдегі ұстамдылық (костюм, шаш үлгісі, хореография, музыкалық сүйемелдеу);
- өнер көрсетудің жалпы мәдениеті (икемділік, костюм, орындау мәдениеті).

5. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз деп танылған қатысушылар әрбір бағыт бойынша I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Дипломда жетекшілер мен концертмейстерлер көрсетіледі. Қазылар алқасының виртуоздылығы, музыкалылығы, Қазақстан композиторлары шығармаларын үздік орындағаны, жеңіске деген жігері және өзге де шығармашылық жетістіктері үшін арнайы жүлделер тағайындауға құқылы.

5.2. Байқау нәтижелері Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасының, ШҚО Кәсіптік білім беру орталығының және Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесінің ресми сайттарында және әлеуметтік желі парақшаларында жарияланады.

6. БАЙҚАУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

6.1. Облыстық байқауға қатысушылардың барып-қайту жолына, тұрақтанатын орнына және тамақтануына ақы төлеу жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

**Анықтама үшін байланыс телефондары және өтінімді жіберуге арналған
электрондық пошта мекенжайы:**

№	Номинации	по видам	Модератор	Телефон	Эл.адрес
1.	Аспаптық орындау	Фортепиано	Косачёва Елена Сергеевна	87773713758	ukkos@inbox.ru
		Ішекті аспаптар	Миськив Екатерина Николаевна	87772758798	miskivyekaterina@gmail.com
		Үрмелі аспаптар	Муратбаев Адылет Серикович	87054189233	adylet.muratbayev@mail.ru
		Қазақ халық аспаптары	Талаптанова Гүләйім Меирхатқызы	87777054858	kha.vkui@mail.ru
		Орыс халық аспаптары	Родионова Ирина Ивановна	87771559431	7702140721@mail.ru
2.	Музыкалық-теориялық цикл	Музыкалық әдебиет	Михайлова Светлана Юрьевна	87779976987	«Музыкальная литература» kakieva1971@mail.ru
		Сольфеджио және музыкалық сауаттылық			«Сольфеджио» yultyeva.kz@yandex.ru
3.	Вокалдық өнер	Жеке орындау, Халық әні	Какива Айнұр Қабылқайырқызы	87072286624	kakieva1971@mail.ru
4.	Ансамбль және хормен ән айту	Ансамбль, Хормен ән айту	Сайлаубекова Анель Медетовна	87769372684	anel.saylaubekova@bk.ru
5.	Хореография	Қазақ биі, Халықтық, халықтық-стильденген би Эстрадалық-заманауи би	Богатырева Ольга Николаевна	87777343047	bogatyreva.olga.69@mail.ru
6.	Көркем сөз			87054142249	oliwwna@mail.ru

Өтінім үлгісі

Номинация	
Жеке/ансамбльдік орындау/ «Хореография» номинациясы бойынша бағыт	
Аспап/минус	
Жас тобы	
Оқу орнының атауы	
Оқушының ТАӘ/ ансамбль атауы	
Туған күні	
Қатысушының байланыс телефоны	
Педагогтың ТАӘ (толық)	
Концертмейстердің ТАӘ (толық)	
Байқау бағдарламасы	

Ескерту: өтінімде көрсетілген байқауға қатысушылардың бағдарламасы өзгермейді.